"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ТҮРКІСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

30.06.2021-ғы № 03-18/3249 шығыс хаты

«Профилэнд» ЖШС-не

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі - Департамент)*, Сіздің «Төлеби ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесімен ұйымдастырылған №5731491-2 «Конкурстық құжаттамаға сәйкес мемлекеттік сатып алулар» ашық конкурсы бойынша 17.06.2021 жылғы №110241 хатыңызға, төмендегіні хабарлайды.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 9 бабының 1-тармағы 4)-тармақшасының талаптарына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге келесі біліктілік талаптары қойылады:

4) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 4) және 5) тармақшаларында көзделген біліктілік талаптары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалатын тәртіппен белгіленеді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (*бұдан әрі - қағида*) 150-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші, егер ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы мынадай негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса, конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп таныла алмайды) :

- конкурстық құжаттамаға 5, 5-1, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес біліктілік туралы мәліметтерді ұсынбау, сол сияқты толық емес мәліметтерді ұсыну;

- конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

Конкурстық құжаттаманың 1-3-қосымшасында (құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары) әлеуетті өнім берушілерге материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптары белгіленгені анықталды, атап айтқанда «*Автомобили-самосвалы 7 т; Экскаваторы роторные для траншей шириной и глубиной 1500-2200 мм; Погрузчики телескопические, на пневмоколесном ходу.Высота подъема до 14 м.Грузоподъемность до 3,5 т; Краны - манипуляторы 1,6 т; Бульдозеры при сооружении магистральных трубопроводов, 96 кВт (130 л.с);*».

30.06.2021 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

10.06.2021 жылғы №5382703 Қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші «Профилэнд» ЖШС-нің конкурстық өтінімі «*Не представлены машины механизмы и автотранспортные средства: Компрессоры передвижные с двигателем внутреннего сгорания давлением до 686 кПа (7 атм), 2,2 м3/мин, Грейферы широкозахватные на базе экскаватора для проходки траншей противофильтрационных завес, Экскаваторы роторные для траншей шириной и глубиной 1500-2200 мм, и трудовые ресурсы: Сварщик полиэтиленовых труб, оператор эксковатора, оператор погрузчика. Не представлены электронная копия документов который полностью воспроизводящий вид и информацию (данные) подлинного документа в электронно-цифровой форме.;»* деген себептермен конкурсқа қатысудан шеттетілген.

Қонкурстық құжаттаманың 5-1-қосымшасының 8-тармағына сәйкес, жалға алу шартының электрондық көшірмесі немесе алдын ала жалға алу шартының электрондық көшірмесі материалдық ресурстарды жалға алу құқығын растайтын құжат болып табылады.

Алайда, әлеуетті өнім беруші «Профилэнд» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде мәлімделген «*Компрессоры передвижные с двигателем внутреннего сгорания давлением до 686 кПа (7 атм), 2,2 м3/мин*» материалдық ресурсының растайтын құжаттардың электрондық көшірмесінің сілтемелерінде, 15.04.2021 жылғы алдын ала ниет шартын, яғни конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін құжат ұсынғандығы анықталды.

Сонымен қатар, біліктілігі туралы мәліметтерінде ұсынылған «*Электростанции передвижные, до 4 кВт*» материалдық ресурсының растаушы құжаты ретінде ұсынылған құжаттары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-3/267 бұйрығымен бекітілген «*Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу бұйрығына*» сай ұсынылмағандығы анықталды.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Сонымен қатар, ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 бабының 9 тармағына сәйкес, осы бапта көзделген, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Басшының м.а. **Т.Тултебаев**

Орындаған:Бейсенбай К.У